

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1372 Қаулысы
"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.Ә.Үмбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 3 7 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған ЖОСПАРЫ

1. "АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕЛІСІМ-ШАРТ КОРПОРАЦИЯСЫ" АҚ-ТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

1.1. Кіріспе

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Корпорация) миссиясы мемлекеттік астық ресурстарын сақтау мен жаңартуды, сондай-ақ елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған астықтың және одан өңделген өнімдер бағасының ішкі конъюнктурасын реттеуді қамтамасыз ету
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Корпорация "Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 260

қаулысына сәйкес құрылды және Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясының құқықтық мирасқоры болып табылады. Корпорация 1997 жылғы 11 сәуірде Алматы қаласының Әділет басқармасында тіркелді. 2004 жылғы 1 сәуірде Корпорация атауының өзгеруіне және Корпорацияның Жарғысын "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415-II Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестендіруге байланысты Астана қаласындағы Әділет департаментінде қайта тіркелді.

Корпорация 100 пайыз мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады және өзінің құзыреті шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару агентінің өкілеттігін жүзеге асырады. Оның жарғылық қоры 491,5 млн. теңгені құрайды және әрқайсысының номиналдық құны 1000 теңгелік 491583 атаулы қарапайым акцияға бөлінген.

Мемлекеттік акциялар пакетіне билік ету құқығынсыз ие болу және оны пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілген. Корпорацияның қаржылық және өндірістік қызметі оның шаруашылық дербестігі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Корпорацияның жоғары органы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тұлғасындағы жалғыз акционер, басқару органы - директорлар кеңесі, атқарушы органы - басқарма болып табылады. Бақылау органының функциясын ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

Корпорацияны басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы өзіне орталық аппаратты, Астана қаласындағы өкілдікті және облыстардағы 9 өкілдікті қамтиды.

Бұдан басқа қазіргі кезде Корпорацияның Ресей Федерациясында (Мәскеу қаласы), Ұлыбританияда (Лондон қаласы), Қытай Халық Республикасында (Пекин қаласы), Иран Ислам Республикасында (Тегеран қаласы) және Өзбекстан Республикасында (Ташкент қаласы) өкілдіктері ашылды.

Корпорацияның үш еншілес және бір бірлесіп бақылау жасайтын кәсіпорны бар. Корпорацияның еншілес кәсіпорындары олардың жарғылық капиталына Корпорацияның 100 пайыз қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылды. Бұл "Астық қоймалары" ЖШС, "Асыл Бидай" ЖШС және "Бидай өнімдері" ЖШС. Бірлесіп бақылауға алынатын кәсіпорын - "ҚазАстықТранс" ЖШС-тегі Корпорацияның қатысу үлесі жарғылық капиталдың 50 пайызын құрайды.

Директорлар кеңесінің 2004 жылғы 15 қазандағы шешімімен бекітілген Корпорация қызметкерлерінің жалпы саны - 310 адам, оның ішінде орталық аппарат - 117 адам.

Р/с N	Құрылымдық бөлімшелер	Штаттық бірлік саны
1	Ақтөбе облыстық өкілдігі	3
2	Ақмола облыстық өкілдігі	24

3	Шығыс Қазақстан облыстық өкілдігі	9
4	Батыс Қазақстан облыстық өкілдігі	11
5	Қарағанды облыстық өкілдігі	11
6	Қостанай облыстық өкілдігі	26
7	Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі	21
8	Оңтүстік өңірлік өкілдігі	28
9	Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өкілдік	4
10	Астана қаласындағы Іс басқармасы өкілдігі	36
11	Ресей Федерациясындағы өкілдік	4
12	Ұлыбританиядағы өкілдік	4
13	Қытай Халық Республикасындағы өкілдік	4
14	Иран Ислам Республикасындағы өкілдік	4
15	Өзбекстан Республикасындағы өкілдік	4
16	Орталық аппарат (Астана қаласы)	117
Барлығы		310

(схеманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Корпорацияның қазіргі кезде қолданып отырған басқару моделін - желілік-функционалдық ұйымдық құрылымды таңдауы Корпорацияның миссиясымен, сондай-ақ оның алдында тұрған мақсаттармен және міндеттермен байланысты.

1.2. Рынокты талдау

1.2.1. Ішкі астық рыногын талдау

2000-2003 жылдары кезеңінде Қазақстан Республикасы бойынша толық өңделгеннен кейін орташа жылдық астық өнімі салмағы бойынша 14,6 млн. тоннаны (2000 жылы - 11,6 млн. тоннаны, 2001 жылы - 15,9 млн. тоннаны, 2002 жылы - 16,0 млн. тоннаны, 2003 жылы - 14,8 млн. тоннаны) құрады. Астықтың орташа жылдық экспорты сол кезеңде 4,8 млн. тонна деңгейінде белгіленді. (2000 жылы - 5,7 млн. тонна, 2001 жылы - 3,3 млн. тонна, 2002 жылы - 4,4 млн. тонна, 2003 жылы - 5,8 млн. тонна).

2003 жылы дәнді дақылдарға арналған егіс алаңдарының көлемі шамамен 13,9 млн. га құрады, бұл 2002 жылмен салыстырғанда 0,15 млн.га-ға аз. Бұл ретте бидайға арналған егіс алаңдары 2002 жылғы 11,7 млн.га-дан 2003 жылы 11,3 млн.га-ға азайды. Сонымен қатар 2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдардың басқа түрлеріне арналған егіс алқаптары көбейді, атап айтқанда арпаға арналған егіс алқабы 0,161 мың гектардан 1.9 млн. гектарға дейін көбейтілді.

2003 жылы бидайдың өнімі гектарына 10,3 центнерді құрады, бұл астық өнімі гектарына 10,9 ц болған 2002 жылмен салыстырғанда 0.6 ц/га-ға аз. 2003 жылы

арпаның өнімділігі гектарына 11,4 ц-ды құрады.

Соңғы жылдардағы талдау астықтың қазақстандық ішкі және экспорттық бағаның әлемдік бағаға, атап айтқанда ресей мен украина бағасына тәуелділігін көрсетіп отыр. Сонымен 2002 жылы аталған мемлекеттерде егіннің жақсы шығуына байланысты бір тонна қазақстан бидайының бағасы ішкі рынокта 70 АҚШ долларынан аспады. Алайда, 2002/2003 маркетингтік жыл мезгілінде белсенді экспорттық саясаттың және 2003 жылғы егіннің біраз бөлігінің шықпай қалуы салдарынан жоғарыда аталған елдерде осы мемлекеттердің тарапынан және әдетте Ресей мен Украинадан астықты импортқа алатын басқа ТМД елдерінің тарапынан өсіп отырған сұранысқа астық ұсыну күрт қысқарды. Осыған байланысты 2003/2004 маркетингтік жылы қазақстан бидайының бір тоннасына баға іс жүзінде екі еседен артық өсіп, астықты экспортқа шығарушы жетекші елдер ұсынған бағаға қарағанда қазақстан астығы бағасының бәсекелестік қабілетін түсірді.

Қазақстан астығының ішкі сату бағасын қалыптастыру серпіні
АҚШ доллары

	шілде	тамыз	қыр- күйек	қазан	қараша	жел- тоқсан	қаңтар	ақпан
2001/02	91,8	82,0	78,7	76,8	73,8	72,5	70,8	70,5
2002/03	59,8	58,3	57,8	61,7	61,4	62,0	61,5	62,3
2003/04	85,7	89,1	109,0	123,8	128,4	138,7	156,0	170,9
болжам 2004/05	120- 130	120	100	100	100	105	110-120	

кестенің жалғасы

	наурыз	сәуір	мамыр	маусым
2001/02	68,4	66,2	62,5	60,1
2002/03	66,4	65,5	71,0	80,4
2003/04	174,6	173,1	170,9	154,7
болжам 2004/05	110-120		120-130	

**2001/2002, 2002/2003 жылдардағы астықтың теңгерімі,
2003/2004 маркетингтік жылға арналған болжам
млн.тонна**

Жыл	КІРІС*			
	Астықтың ұсынымы	жиынтық	Ауыспалы қалдық	Егіннен түскен астық
2001/ 2002	17,6		1,7	15,9
2002/ 2003	20,3		4,3	16,0

2003/ 2004 (болжам)	17,4	2,6**	14,8
---------------------------	------	-------	------

кестенің жалғасы

Жыл	ШЫҒЫС						Ауыс-палы қалдық
	Ішкі тұтыным				Экспорт	Басқа шығыстар мен шығындар	
	Азық-түлік қажеттілікке	тұқым	жем	өндірістік қайта өңдеу			
2001/ 2002	4,1	1,9	2,5	0,3	3,9	0,6	4,3
2002/ 2003	4,1	1,9	3,0	0,3	5,4	1,1	4,5
2003/ 2004 (болжам)	3,8	2,0	2,9	0,4	4,5	0,5	3,3

* ҚР АШМ мониторингінің деректері бойынша

** есеп беру деректерінде берілген аймақтардағы іс жүзінде бар астық көлемінің ауытқып кеткенін бес облыстың растауына сәйкес деректер түзетілді (Ақмола - 0,6, Ақтөбе - 0,07, Қостанай - 0,5, Павлодар - 0,2, Солтүстік Қазақстан - 0.5 млн.тонна).

Республикада ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі дақылы - азық-түліктік бидай, оны өндіру көлемі 2003 жылы шамамен 11.5 млн. тоннаға жеткен (2002 жылы 12,7 млн.тонна). Еліміздің астық қабылдау кәсіпорындарына түскен 6,2 млн. тонна көлеміндегі бидайдың сапалық құрамы мынадай:

1	сыныпты жұмсақ бидай	-	0%
2	сыныпты жұмсақ бидай	-	0,5%
3	сыныпты жұмсақ бидай	-	75,3%
4	сыныпты жұмсақ бидай	-	18,5%
5	сыныпты жұмсақ бидай	-	1.4%
	сыныпқа жатқызылмаған бидай	-	4,3%.

Негізгі өндірілетін дақыл - 3 сыныпты жұмсақ бидай маңыздылығы бойынша мына мөлшерде дайындалды:

маңыздылығы	23-24%	-	3583700	тонна;
маңыздылығы	25-28%	-	958500	тонна;
маңыздылығы	28-30%	-	4500	тонна;
маңыздылығы	30-32%	-	3500	тонна;
маңыздылығы	32%-дан артық	-	100	тонна.

2002/2003 маркетингтік жыл мезгілінде Қазақстан астығын экспортқа шығару шамамен 5,4 млн. тоннаны құрады, бұл 2001/2002 маркетингтік жыл мезгіліне (3,9 млн. тонна) қарағанда 1,5 млн. тонна артық.

Жалпы рыноктағы Корпорацияның бәсекелестері және оның үлесі

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына сәйкес Корпорация мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша жалғыз агент болып анықталды. Осыған байланысты мемлекеттік астық ресурстарын басқару жағынан Корпорацияның бәсекелестері жоқ. Сонымен бірге Корпорация мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша жүктелген функциялар шеңберінде астықты сатып алу мен сатуды ішкі рынокта да жүзеге асырады, экспортқа да шығарады. Бұл жағдайда қызметтің бұл түрі бәсекелестік тұрғыда жүзеге асырылады.

Ішкі астық рыногындағы Корпорацияның бәсекелестері Қазақстандағы ірі астық компаниялары болып табылады. Корпорация 2003 жылғы егіннен 2,188 млн. тонна көлемінде астық сатып алды, бұл жалпы жиналған егіннің 14,8% құрайды (14,8 млн. тонна).

Негізгі клиенттер, тұтынушылар (тапсырысшылар)
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер;
астықты өңдейтін кәсіпорындар;
құс шаруашылығы және мал шаруашылығы кәсіпорындары;
астық трейдерлері.

Мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуға тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі атынан мемлекет болып табылады.

1.2.2. Әлемдік астық рыногындағы жағдай

Халықаралық астық кеңесінің деректері (ХАК) бойынша 2004/2005 маркетингтік жылы әлемдік астық өндірісіне берілген баға 1578 млн. тоннаны (2003/04 жылы - 1464 млн. тонна) құрады, оның ішінде 615 млн. тоннасы бидай (2003/04 жылы - 554 млн. тонна) және 963 млн.тоннасы (2003/04 жылы - 910 млн. тонна) мал азықтық астық.

2004/2005 маркетингтік жылдағы әлемдік астық өндірісі көлемі өсуінің басты себебі ТМД, Канада, Қытай, Австралияда егінге берілген бағалаудың өсуіне байланысты
б о л ы п о т ы р .

Бидайды мал азықтық мақсатқа мол пайдалану 2004/2005 маркетингтік жылы әлемдік бидайды тұтынудың болжамын рекордтық 606 млн. тоннаға дейін (2003/2004 маркетингтік жылы 589 млн. тонна) көбейтті. Бидайды дүниежүзі бойынша азық-түліктік мақсатқа тұтынуға берілетін баға Еуропа мен ТМД елдеріндегі жеткізулердің өсуінің арқасында 103 млн. тоннаға дейін өсті.

2004/2005 маркетингтік жылы әлемдік бидайды сату көлемі ұнға арналған бидайды және ұнды импортқа алудың азаюы есебінен біршама төмендейді, оның есесіне кейбір мал азықтық бидайды тиеудің көбейтілуімен жартылай өтеледі. 2004/2005 маркетингтік жылда 101 млн.тонна көлемінде болжанып отырған астық көлемі 2003/2004 маркетингтік жылдағы бағалау санынан 1 млн. тоннаға кем. Негізгі көрсеткіштер ТМД, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс Азия және Солтүстік Африка елдерінің импортты

азайтуы болып табылады, дегенмен Қытайдағы импорт деңгейінің өсуі астық саудасының құлдырауына жол бермейді.

2004/2005 маркетингтік жылдың соңында әлемдегі бидай запасының болжамы 138 млн. тоннаны құрайды (2003/2004 маркетингтік жылы 129 млн.тонна), бұл соңғы бес жыл ішіндегі бірінші жыларалық өсім болып табылады. Астық запасы көбеюінің басым көпшілігі Қытайда болжанып отыр, мұнда өндірісті бағалаудың өсуі запас көлемінің болжамын номиналды 24 млн. тоннаға дейін 4 млн. тоннаға көтерді. Басты экспортшылар үшін болжам 50 млн. тоннаны (2003/2004 маркетингтік жылы 40 млн. тоннаны) құрайды.

Бидай (млн. тонн)

	2000/2001	2001/2002	2002/2003	2003/2004	2004/2005 (болжам)
Өндіру	582	579	566	554	615
Тұтыну	583	587	602	589	606
Сауда	101	107	103	102	101
Запастар	200	193	161	129	138

Мал азықтық астық (млн. тонн)

	2000/2001	2001/2002	2002/2003	2003/2004	2004/2005
Өндіру	870	901	873	910	963
Тұтыну	893	915	904	940	958
Сауда	108	106	107	105	103
Запастар	193	180	154	136	141

Халықаралық астық кеңесінің деректері бойынша бидайды әлемдік экспортқа шығару (млн.тонна)

Мемлекеттің атауы	2003/2004 жыл	2004/2005 жыл (болжам)
Австралия	15,1	17,5
Аргентина	7,1	9,0
ЕҚ	10,0	14,5
Канада	15,0	15,5
АҚШ	31,9	26,0
Индия	5,0	1,0
Қазақстан	5,5	4,5
Ресей	4,0	4,5
Украина	0,1	3,0

Әлемнің басқа елдері	7,9	5,3
Жиыны:	101,6	100,8

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2003 жылы әлемнің 40 еліне экспортқа шығарылған Қазақстан астығы 5,8 млн. тоннаны құрайды, бұл 2002 жылмен салыстырғанда 34%-ға артық (4,4 млн. тонна). 2003 жылы біздің астығымызды алған ірі импортшылар мына мемлекеттер болды: Украина - 1670,9 млн. тонна, Ресей - 713,6 мың тонна, Әзірбайжан - 636,9 мың тонна, Иордания - 480,3 мың тонна, Сауд Арабиясы - 407,2 мың тонна, Франция - 280,7 мың тонна, Италия - 281 мың тонна, Түркия - 194,5 мың тонна. Бірінші рет Индонезияға - 125,7 мың тонна, Молдоваға - 55 мың тонна, Румынияға - 35,1 мың тонна, Алжирге - 42,0 мың тонна астық жеткізілді.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы"

АҚ-тың экспорт бойынша деректері

	2000/ 2001	%	2001/ 2002	%	2002/ 2003	%	2003/ 2004	%
Ресей	67496	31	-		40723	5	34857	8
Иран	48529	22	67481	38	-		-	
Өзбекстан	100210	47	99810	57	-		-	
Италия	-		-		158486	19	-	
Иордания	-		-		389693	46	-	
Судан	-		-		87719	10	-	
Румыния							24239	6
Түркия	-		-		29091	3	-	
Ауғанстан	-		9000	5	-		-	
Бельгия	-		-		37413	4	-	
Тунис	-		-		53472	6	-	
Украина	-		-		21389	2	303558	69
Беларусь	-		-		-		-	
Әзірбайжан	-		-		10059	1	23642	5
Молдава							11200	3
Моңғолия	-		-		-		-	
Сауд Арабиясы	-		-		39653	4	39787	9
ЖИЫНЫ:	216235		176291		867698		437283	

Экспорт саясатының маңызды бағыттарының бірі қазіргі уақытта астық өткізіп жүрген рыноктарда позицияны бекіте түсу, сондай-ақ жаңа рыноктарды игеру болып

табылады. 2002/2003 маркетингтік жылы Қазақстан астықты экспортқа шығару көлемі бойынша 8-ші орын алды. 2003/2004 маркетингтік жылы Қазақстан Ресей мен Украинадағы экспорт көлемінің біршама азаюының салдарынан тек АҚШ, Канада, Австралия, Аргентина және Еуропалық қауымдастық елдері секілді дәстүрлі экспортшыларды алдына сала отырып астықты экспортқа шығарушы жетекші елдер қатарына алтыншы болып кірді. Бұл жағдай республиканың жетекші елдермен тең түрде әлемдік экспорт саясатын қалыптастыруға қатысуына ғана емес, сол сияқты мұқтаж мемлекеттерге азық-түлік көмегін көрсетуге мүмкіндік береді.

Корпорацияның халықаралық ұйымдар желісі бойынша гуманитарлық көмек көрсетуде тәжірибесінің барлығын атап өту қажет.

Бидай өндірісі Қазақстан мен Өзбекстанды қоспағанда ТМД-ның барлық ірі астық егуші елдерінде бірқатар төмендеді. 2004 жылы бидай өнімін бағалау және 2004/2005-маркетингтік жылы сауда болжамы мынадай үлгіде көрінеді:

**Халықаралық астық кеңесінің деректері бойынша
ТМД елдеріндегі бидайдың жалпы жиналуын талдау және
оның экспорты мен импорты бойынша болжам
млн.тонна**

Ел	Жалпы өнім		2004/2005 жылға арналған болжам	
	2003/2004	2004/2005	Экспорт	Импорт
Әзірбайжан	1,8	1,5	-	0,6
Армения	0,3	0,3	-	0,1
Беларусь	0,8	1,0	-	0,3
Грузия	0,2	0,16	-	0,5
Қазақстан	11,5	11,0	5,0	-
Қырғызстан	1,3	1,1	-	0,2
Молдова	1,2	0,2	-	0,3
Ресей	34,0	42,0	4,0	0,5
Тәжікстан	0,5	0,6	-	0,4
Түркмения	1,8	2,0	-	0,1
Өзбекстан	4,8	4,7	-	0,4
Украина	3,6	16,0	2,5	0,1
Барлығы	60,8	81,3	11,5	3,5

Корпорация соңғы екі жыл ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау және астық экспортын кеңейту бойынша көп жұмыс атқарды. Осы бағытта жүргізілген жұмыстың негізгі сәттері мынадай:

2004 жылы рыноктық бағамен ішкі рынокта 2,5 млн.тоннаға дейін астық сатып алу жоспарланып отыр, бұл 2003 жылмен салыстырғанда 300 мың тоннаға артық;

Ақтау портындағы астық терминалының иесі болып табылатын "Ақ-бидай Терминал" ЖШС-тен 51% үлес сатып алынды. 2004 жылдың соңына дейін қалған 49% мөлшеріндегі қатысу үлесін сатып алу жоспарланып отыр;

2001-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы теміржол көлігін қайта құру бағдарламасы шеңберінде "Қазақстан теміржолы ҰК" АҚ-тан астық таситын вагондарды сатып алу жұмыстары жүргізілуде;

2003 жылдың соңында қазақстан астығын экспортқа шығарар алдындағы қаржыландыру бойынша әлемдік ірі қаржы институттарының қатысуымен 85 млн. АҚШ доллары сомасында ірі синдикацияланған қарыз тартылды, оны батыстың жетекші қаржы басылымдары "2003 жылғы мәміле" деп таныды;

2004 жылғы мамырда "Қазинвестбанк" АҚ-тың көмегімен "Credit Swiss First Boston International" ірі швейцар банкі ұйымдастырған, қазақстан астығын экспортқа шығарар алдында қаржыландыруға бағытталған 105 млн. АҚШ доллары сомасында қарыз алынды. Аталған қарыз Қазақстан мен ТМД-ның барлық аграрлық секторы үшін сомасы бойынша да, шарты бойынша да теңдесі жоқ қарыз болып табылады. Осы кредит қаражаты 2004 жылғы көктемгі-жазғы егіс жұмыстарын қаржыландыруға жұмсалды. Тұтастай алғанда осы сауда құрылымдық қаржыландыру мәмілесі ірі шетелдік қаржы институттарының Корпорацияға ғана емес, Қазақстанның барлық астық рыногына деген тағы бір дәлелі болып енді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2004 жылғы 24 қаңтардағы N 8 қаулысымен Корпорация 5 млрд. теңге лимитпен бірінші класты эмитенттер тізіміне енгізілді. Вексельдер шығару нәтижесінде республиканың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері 2004 жылғы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін 4740 млн. теңге сомасымен қаржыландырылды.

Сондай-ақ Корпорация Қазақстан қор биржасына 3000 млн. теңге сомасына облигациялардың бірінші эмиссиясын орналастырды, ол 2004 жылғы егіннің астығын күзде сатып алуды қаржыландыруға пайдаланылады.

Аталған қаржы құралдары оларды астықты жеткізушілермен есеп айырысқан кезде банк кредиттеріне балама ретінде пайдалануға мүмкіндік берді және олардың артықшылығы сол кепілзат ұсынудың қажет болмауы.

Алайда сонымен қатар Қазақстан астығын экспортқа шығарудың оң нәтижелерімен бірге бірқатар проблемалар да бар.

Біріншіден, теңіз порттарына, әсіресе Қара теңіздегі украина порттары мен Балтық порттарына тіке жолдың болмауынан көліктік шығыстарының жоғарылығы. Қазақстан астығы экспортының негізгі үлесі шектес жатқан мемлекеттердің аумағы арқылы жүзеге асырылады, атап айтқанда экспортқа шығарылатын көлемнің 2/3-і 2003 жылдан бері Ресей теміржолымен Қазақстанның астығын транзиттік тасымалдауға 20%-ке

дейінгі мөлшерде берілген жеңілдік алынып тасталған Ресейдің аумағы арқылы өтеді.

Екіншіден, Иран және Өзбекстан секілді елдердің жақсы өнім алуының салдарынан дәстүрлі өткізу рыногындағы сұраныстың қысқаруы Қазақстан астығын сатуға кедергі болып отыр. Сондай-ақ алдағы жылдары жақсы өнім алуы мүмкін болғандықтан келесі жылдары аталған елдерге астықты экспортқа шығару қиындай түспек. Сондай-ақ Ресей мен Украинада ішкі өндірістің өсуі салдарынан бұл елдер Қазақстан астығын экспортқа алуды қысқартады, соның салдарынан жаңа өткізу рыноктарын іздеуге мәжбүр етеді.

Үшіншіден, экспортшылардың қызметін қиындата түсетін бірқатар проблемалар бар. Атап айтқанда вагон паркінің кідіруі және олардың тозуы, экспортқа шығарар кезде ҚҚС қайтарудың кешіктірілуі.

Төртіншіден, соңғы жылдары Қазақстан астығын экспортқа шығарумен көбіне бұл салада тәжірибесі жоқ компаниялар айналысады. Осыған байланысты астықты экспортқа шығару қызметін лицензиялауды енгізу қажеттігі туындайды.

Сонымен қатар астықты тиеген кезде теміржол стансаларынан элеваторларға дейінгі теміржол түйықтарының үзіктері сатып алынған және жеке тұлғалардың, фирмалардың меншігінде болғандықтан теміржол кіреберіс жолдарын пайдалануға ақы төлеген кезде проблемалар туындайды. Осыған орай астық тиелген вагондардың өткені үшін тарифтің жоғарылатылуы тиеу кезінде қосымша шығындарға және жалпы алғанда Қазақстан астығының өзіндік құнының қымбаттауына әкеп соқтырады.

1.3. 2002-2004 жылдарға арналған өндірістік-қаржылық қызметті талдау

1.3.1. 2002-2003 жылдардағы қаржы-экономикалық қызметтің қорытындылары және 2004 жылы күтілетін нәтижелер

2002 жылы жалпы табыс 11287,86 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен табыс - 6403,4 млн. теңге; өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша табыс - 4884,47 млн. теңге.

2002 жылы жалпы шығыс 10722,2 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен шығыстар - 6384,1 млн. теңге; өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша шығыстар - 4338,1 млн. теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 264,4 млн. теңге.

2002 жылға салық салынатын табыс 565,6 млн. теңгені құрады.

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 200,3 млн. теңгені құрады.

Таза табыс 365,4 млн. теңгені құрады, оның ішінде: өз қызметі бойынша таза табыс - 366,75 млн. теңге; мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен таза табыс (-) 1,40, 12,31 млн.

т е ң г е .

2002 жылы бюджетке мынадай мөлшерде салық төленді: жер салығы 1,887 млн. теңгені құрады, мүлік салығы - 3,061 млн. теңге, көлік салығы - 1,287 млн. теңге, ҚҚС (-) 1455,153 млн. теңге, әлеуметтік салық - 27,032 млн. теңге, жеке табыс салығы - 1 8 , 5 5 2 м л н . т е ң г е .

2003 жылы 2002 жылдың қорытындысы бойынша Корпорация республикалық бюджетке дивиденд ретінде 183,4 млн. теңге аударды, бұл 2001 жылдың көрсеткіштерінен 9.4 есе артық.

2003 жылы жалпы табыс 34602,81 млн.теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен табыс - 9284,91 млн. теңге; өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша табыс - 25317,90 млн. теңге.

2003 жылы жалпы шығыстар 33431,61 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша шығыстар - 9243,35 млн. теңге; өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша шығыстар - 24188,26 млн. теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 405,81 млн. теңге.

2003 жылы салық салынатын табыс 1171,20 млн. теңгені құрады. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 385,61 млн. теңгені құрады.

Таза табыс 785,59 млн. теңгені құрады, оның ішінде: өз қызметі бойынша таза табыс - 773,28 млн. теңге; мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен таза табыс 12,31 млн. теңге.

2003 жылдың қорытындысы бойынша Корпорация акциялардың мемлекеттік пакетіне 386,64 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аударды.

2003 жылы бюджетке мына мөлшерде салық төленді: жер салығы 0,149 млн. теңгені құрады, мүлік салығы - 0,953 млн. теңге, көлік салығы - 0,345 млн. теңге, әлеуметтік салық - 32,853 млн. теңге, жеке табыс салығы - 55,395 млн. теңге.

2002 жылмен салыстырғанда Корпорацияның таза табысы 2003 жылы 2,2 есе көбейді, бұл астықты, оның ішінде сырттан тартылған қаражат есебінен сатып алынған астықты сату көлемінің ұлғаюына байланысты.

2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда табыстардың да, сол сияқты шығыстардың да өсімі тиісінше 304,99% және 311,80%-ға өсуі байқалып отыр. Сондай-ақ таза табыс та өсті, бұл 2003 жылы 785,59 млн. теңгені құрады және 2002 жылмен салыстырғанда 203,73% - ға артық.

2004 жылы жалпы табыс 34037,84 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен табыс - 7442,70 млн. теңге; өз қызметінен түскен табыс - 26595,14 млн. теңге.

2004 жылы жалпы шығыстар - 33246,24 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша шығыстар - 7429,11 млн. теңге; өз қызметі бойынша шығыстар - 25817,13 млн. теңге.

2004 жылға салық салынатын табыс 791,60 млн. теңге мөлшерінде жоспарланып отыр.

2004 жылы республикалық бюджетке мына мөлшердегі салықтарды аудару жоспарланып отыр: жер салығы - 0,280 млн теңге, мүлік салығы - 2,249 млн. теңге,

көлік салығы - 1,158 млн. теңге, әлеуметтік салық - 35,486 млн. теңге, жеке табыс салығы - 55,750 млн. теңге, басқа салықтар (алымдар, мемлекеттік баж салығы, қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдер және т.б.) - 0,203 млн. теңге.

Корпоративтік табыс салығы бойынша 237,48 млн.теңгені құрайды. 2004 жылы 554,11 млн. теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарланып отыр, оның ішінде: өз қызметі бойынша таза табыс 544,60 млн. теңгені, мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен таза табыс 9,51 млн. теңгені құрайды.

2003 жылғы есептің деректерімен салыстырғанда 2004 жылы жоспарланып отырған салық салынатын табыстың соған орай корпоративті табыс салығының және таза табыстың төмендеуіне мына факторлар әсер етті:

а) 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы астық рыногы конъюнктурасының өзгеруі, өнімді сатудан түскен түсімнің көлеміне әсер ететін таяудағы шет елдер (Ресей, Украина) тарапынан астыққа деген сұраныстың азаюы;

б) көлік шығындарының, атап айтқанда теміржол тарифтерінің жоғарылауына байланысты өнімді сату бойынша шығыстардың өсуі;

в) еңбекақы қоры, кеңселік және баспа шығыстары, іссапар шығыстары, күзетке арналған шығыстар, салықтар бойынша шығыстар, коммуналдық шығыстар, кеңестік және ақпараттық шығыстар, өз қызметінен түскен қаржылар есебінен қаржыландыру көзделген 043 "Ауыл шаруашылығын институциональды түрде дамыту" бюджеттік бағдарламасының 102 "Өндірісті қолдау және астық рыногын дамыту" тармақшасына сәйкес Корпорацияның шет елдерде өкілдіктер ашуына байланысты жалға алу бойынша шығыстар секілді әкімшілік шығыстар баптарының өзгеруі. Шет елде өкілдіктер ашу Корпорацияның штаттық санының 20 бірлікке өсуіне әкеп соқтырды. Сонымен қатар негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді жөндеу мен оған қызмет көрсету бабы бойынша шығыстар өсті, бұл Корпорацияның үймеретіне қосымша құрылыстың салынуына байланысты. Корпорацияның штаттық санының көбеюіне байланысты әлеуметтік салаға, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларға арналған шығыстар көбейді.

Әкімшілік шығыстар сметасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 145 қаулысымен бекітілген талаптарға сай келеді;

г) 2003 жылы алынған кредиттерді өтеуге байланысты сыйақылар түріндегі шығыстар көбейді. Кейбір кредиттік келісімдерде сыйақыларды төлеу кредит беру мерзімінің соңында, яғни 2004 жылы қаралды.

2003 жылғы есеппен салыстырғанда 2004 жылы жоспарлы рентабелділіктің өзгеруіне таза табыстың азаюы мен кезеңдік шығыстардың өзгеруі әсер етті. Корпорация қызметінің рентабелділіктің тікелей ауыл шаруашылығының спецификасы мен байланысты, яғни табиғи-климаттық жағдайға қатысты. Жоғарыда атап кеткендей 2004 жылы өнім көлемі төмен болады деп күтіліп отырғандықтан Корпорацияның табыстары 2003 жылға қарағанда төменде болжанып отыр.

1.3.2. Мемлекеттік астық ресурстары

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы заңына сәйкес мемлекеттік астық ресурстары құрамына мыналар енеді:

мемлекеттік азық-түліктік астық резерві;
мемлекеттік тұқымдық ресурстар;
мемлекеттік сатылатын астық ресурстары;
мемлекеттік жемдік астық ресурстары.

Корпорация 2004 жылғы 1 шілдеге 608,638 мың тонна көлемінде мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырды, оның ішінде мемлекеттік азық-түліктік астық - 600 мың тонна, мемлекеттік тұқымдық ресурстар - 5,392 мың тонна, мемлекеттік сатылатын астық ресурстары - 2,688 мың тонна, мемлекеттік жемдік астық ресурстары - 0,557 мың т о н н а .

Мемлекеттік астық ресурстары 2004 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республиканың 45 астық қабылдау кәсіпорындарында орналастырылған.

Сақталып отырған астықтың сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Корпорация қызметкерлері бекітілген кесте бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармалары инспекторларымен қатысуымен уәкілетті астық қабылдау кәсіпорындарындағы мемлекеттік астықтың санын тексеруді үнемі жүргізіп отырады. Тексеру барысында мемлекеттік азық-түліктік астықтың жетіспеушілік деректері болған емес.

1.3.3. Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві

Соғыс, астық шығымсыздығы, зілзала нәубаты және басқа да төтенше оқиғалар жағдайында мемлекеттің азық-түліктік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік азық-түліктік астық резерві құрылады. Резервтің ең аз мөлшері халықты астықпен және одан өңделген өнімдермен қамтамасыз етуге кепілдік беруі тиіс.

2004 жылғы 1 шілдеде 600 мың тонна астық көлемінде мемлекеттік резерв қалыптастырылып Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарындағы 33 астық қабылдау кәсіпорындарында орналастырылды.

Жалпы көлемнің 20,787 мың тоннасы (3,46%) - 2001 жылғы егіннің астығы, 259,07 мың тоннасы (43,18%) - 2002 жылғы егіннің астығы және 320,14 мың тоннасы (53,36%) - 2003 жылғы егіннің астығы.

2001-2004 ж-ғы егіннен құралған мемлекеттік резервтің құрылымы
(қағаз мәтінінен қараңыз)

1.3.4. Мемлекеттік тұқымдық ресурстар

"2004 жылға мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 328 қаулысымен 2004 жылғы егіс науқандарын өткізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тұқымдық материалдармен қамтамасыз ету үшін 85 мың тоннаға дейінгі мөлшерде

тұқымдық астықтың көлемі белгіленді.

"Мемлекеттік тұқымдық ресурстарды 2004 жылғы егіс жұмыстарын қамтамасыз ету үшін пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 наурыздағы N 157 бұйрығына сәйкес тұқымдық несиені алатын және мемлекеттік тұқымдық ресурстардан тұқымдық астық алатын шаруашылықтарды т а н д а у жү р г і з і л д і .

Мемлекеттік тұқымдық ресурстардан барлығы 68,333 мың тонна несие берілді және ақша қаржысына 7,344 мың тонна сортты тұқым сатылды.

Егер 2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік тұқымдық ресурстар құрылымындағы тұқымдық материалдардың үлесі 34%-ды, ал сортты тұқымдар 66%-ды құраса, ал 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік тұқымдық ресурстар толықтай 100% сортты тұқымдардан тұрады.

Мемлекеттік тұқымдық ресурстар құрылымы

(қағаз мәтінінен қараңыз)

1.3.5. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары

Мемлекеттік жемдік астық ресурстары жемдік ресурстардың запасы болып табылады және мал шаруашылығы мен құс шаруашылығын мал азықтық жеммен қамтамасыз етуге арналған.

"2004 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 328 қаулысына сәйкес 2004 жылға арналған мемлекеттік жемдік астық ресурстары 5,0 мың тоннаға дейінгі мөлшерде белгіленді.

Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын қалыптастыру өткен жылғы қалдық астық есебінен және оларды сатудан түскен ақша қаражатына сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

2004 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік жемдік астық ресурстарының қалдығы 0,557 тоннаны құрайды.

1.3.6. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары астықтың ішкі рыногын реттеуге, мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз етуге және мемлекеттік азық-түліктік астық ресурстарын, мемлекеттік жемдік және тұқымдық астық ресурстарын толықтыру мен жаңалауға арналған.

Ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырмасы бойынша Корпорация мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын қалыптастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен астықты жыл сайын сатып алу жолымен жүзеге асырады.

"2004 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 328 қаулысына сәйкес 2004 жылға арналған мемлекеттік сатылатын астық ресурстары

100 мың тоннаға дейінгі көлемде белгіленді.

2004 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік сатылатын астық ресурстарының көлемі 2,688 мың тоннаны құрады.

1.3.7. Астықты сатып алу

Корпорация мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында 1998 жылдан бастап, жыл сайын, 500 мың тонна шамасында астықты мемлекеттік сатып алуды жүргізеді. Астықты сатып алу көлемі мен бағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді.

Соңғы жылдары астық өндірісі өсті, сондықтан оны сатып алу көлемін ұлғайту қажеттігі туындады. Мемлекет Басшысының тапсырмасын орындау үшін Корпорация бірінші рет мемлекеттік сатып алу бағдарламасымен қатар, 2002 жылы сырттан тартылған кредиттік қаржылар есебінен 10000 млн. теңгеге 1 млн. тоннаға дейінгі көлемде астық сатып алуды (бұдан әрі - коммерциялық сатып алу) жүзеге асырды.

Коммерциялық астық сатып алуды жүргізу отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімді сатуына қолдау көрсетуді қамтамасыз етті, мемлекеттің экспорттық саясатын үйлестіруге, қазақстан астығына баға демпингін болдырмауға және ауыл шаруашылығы өндірісіне қосымша инвестицияларды тартуға мүмкіндік берді.

Корпорация 2002 жылғы тәжірибені басшылыққа ала отырып 2003 жылы тартылған кредиттік ресурстар есебінен астық сатып алуды жалғастырды, бұл ретте сатып алу көлемі 1,9 млн. тонна астықты құрады.

Мемлекеттік сатып алу

2003 жылы мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу "2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері және мемлекеттік астық ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерде мемлекеттік сатып алу ережесі мен Мемлекеттік астық ресурстарының орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына сәйкес жүргізілді. Астықты сатып алу екі этаппен жүргізілді: көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы.

Көктемгі-жазғы кезеңде мемлекеттік астық сатып алу бағдарламасы бойынша 2267,1 млн. теңгеге 215,5 мың тонна 3 сыныпты жұмсақ бидайды және 483,0 млн. теңгеге 30 мың тонна 3 сыныпты қатты бидайды сатып алу қаржыландырылды.

Жұмсақ сортты бидайды қаржыландыру бір тоннаға 10520 теңге бағамен, қатты сортты бидайдың бір тоннасына 16100 теңге бағамен жүзеге асырылды.

Әлемдік астық экспортының қысқаруы және Ресей мен Украинадағы егін шығымсыздығы Қазақстан рыногында әлемдік астық трейдерлерінің белсенділігін арттырды. Жаңа егін астығын жинауды бастар алдында көктемгі-жазғы кезеңдегі

бағамен салыстырғанда рыноктық сатып алу бағасы өсті, бұл мемлекеттік астық сатып алу бағдарламасына өзгерістер енгізуді талап етті.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 26 тамыздағы N 863 және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 985 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен мемлекеттік сатып алу бағдарламасы бойынша күзгі кезеңде астық сатып алу көлемін азайту есебінен жұмсақ сортты бидайдың бір тоннасына 14700 теңгеге дейін және қатты сортты бидайға 16905 теңгеге дейін сатып алу бағасы көтерілді.

Корпорация сатып алу бағасының өзгеруіне байланысты көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы сатып алынған астыққа олар элеваторға жеткізілгеннен кейін қ о с ы м ш а а қ ы т ө л е д і .

2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу бағдарламасы бойынша барлығы мемлекеттік ресурстарға 194,9 мың тонна, оның ішінде көктемгі-жазғы қаржыландыру бағдарламасы бойынша 149,4 мың тонна және тікелей сатып алу бойынша 45,5 мың тонна қайта рәсімделді.

Мемлекеттік сатып алу бағдарламасына 695 кәсіпорын, оның ішінде 440 шаруа қожалығы, 218 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 14 акционерлік қоғам және басқа меншік түріндегі 23 кәсіпорын қатысты.

Коммерциялық астық сатып алу

2003 жылы сырттан тартылған кредиттік қаржылар есебінен астық сатып алу "2003 жылғы егіннің астығын сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 наурыздағы N 301 қаулысына сәйкес жүргізілді. Мемлекеттік сатып алу секілді коммерциялық сатып алу да екі этаппен ж ү р г і з і л д і .

2003 жылғы көктемгі-жазғы кезеңде осы бағдарлама бойынша 12900 млн.теңгеге 1247 мың тонна көлемінде астық сатып алу қаржыландырылды, оның ішінде:

3 сыныпты жұмсақ бидай - 1215 мың тонна;

Күріш дақылы - 30 мың тонна;

Күнбағыс - 2 мың тонна.

Қаржыландыру астықтың сапалық көрсеткіштеріне қарай бір тоннаға 9847 теңгеден 12120 теңгеге дейінгі дифференцияланған бағамен жүзеге асырылды. Күзгі кезеңде сатып алу бір тоннаға 18375-19110 теңге бағасымен жүзеге асырылды, осыған байланысты Корпорация көктемгі-жазғы шарттар бойынша іс жүзінде жеткізілген а с т ы қ қ а қ о с ы м ш а а қ ы т ө л е д і .

2003 жылғы егіннің астығын сатып алу бағдарламасы бойынша барлығы сырттан тартылған кредиттік ресурстар есебінен 1993,5 мың тонна, оның ішінде көктемгі-жазғы қаржыландыру шарттары бойынша 1109,9 мың тонна және тікелей сатып алу бойынша

883,6 мың тонна сатып алынды.

Сырттан тартылған кредиттік ресурстар есебінен астық сатып алу бағдарламасына 1227 кәсіпорын, оның ішінде 730 шаруа қожалығы, 420 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 26 акционерлік қоғам, басқа меншік түріндегі 51 кәсіпорын қатысты.

2004 жылғы егіннің астығын сатып алу

2004 жылы "2004 жылы астықты мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысымен 2004 жылғы егіннің астығын 2479 мың тоннаға дейінгі көлемде сатып алу көзделіп отыр, оның і ш і н д е :

мемлекеттік сатып алу бойынша - 6208,38 млн. теңгеге 479751 тонна;
коммерциялық сатып алу бойынша - 27000 млн. теңгеге дейінгі сомаға 2 млн. тонна.

Өткен жылдардағыдай 2004 жылы да сатып алу екі этаппен жүргізіледі: көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы.

2004 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу

Жоғарыда аталған қаулымен 2004 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу көлемі республикалық бюджет есебінен 6208,38 млн. теңгеге 479751 тоннаға дейінгі мөлшерде анықталған, бұл ретте:

1) көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы:

2841,6 млн. теңгеге азық-түліктік жұмсақ бидай 213334 тоннаға дейінгі көлемде;

253,08 млн. теңгеге азық-түліктік қатты бидай 17100 тоннаға дейінгі көлемде.

2) күзде тікелей сатып алу арқылы:

2854,7 млн. теңгеге азық-түліктік жұмсақ бидай 214317 тоннаға дейінгі көлемде;

259 млн. теңгеге екінші сыныпты арпа 35000 тоннаға дейінгі көлемде.

Көктемгі-жазғы кезеңде 3094,68 млн.теңгеге 230433,333 тонна көлемінде астық сатып алу қаржыландырылды, оның ішінде:

- 3 сыныпты жұмсақ бидай бір тоннасына 13320 теңге бағамен 213333,333 тонна көлемінде ;

- 3 сыныпты қатты бидай бір тоннасына 14800 теңге бағамен 17100 тонна көлемінде .

2004 жылғы егіннің астығын коммерциялық сатып алу

2004 жылы Корпорация сырттан тартылған кредиттік ресурстар есебінен 2,0 млн. тоннаға дейінгі көлемде астық сатып алуды жүргізеді. Ол үшін 27000 млн. теңге ақша қ а р ж ы с ы қ а ж е т .

Өткен жылдан бері Қазақстандық банктердің кредиттерімен қатар шет елдік қаржы мекемелерінің қаржысы тартылуда. 2003 жылы "Societe Generale Paris"-дің ұйымдастыруымен 85 млн. АҚШ доллары сомасында ірі еуропалық банктердің

синдикацияланған қарызы алынды. Бұл ТМД тарихында бірінші рет болған жағдай, шет ел банктері Батыс үкіметтің кепілдігінсіз ауыл шаруашылығына ақшаны инвестициялады. 2004 жылғы ақпанда Корпорация тендер өткізіп оның нәтижесінде "Credit Swiss First Boston International-дың" Лондондағы филиалынан 105 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарыз тартылды.

Корпорацияның 1 жыл мерзімге 5000 млн. теңге сомасына қайта есепке алу лимитімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен вексельдердің бірінші класты эмитенті мәртебесін алуына байланысты Корпорация вексельдерді кепілзатпен қамтамасыз етпей-ақ айналымға шығарды, олар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен есеп айырысуға пайдаланылды. Басқа вексельдер эмитенттерінен айырмашылығы сол, Корпорация бидай астығына деген сұраныстың жоғарылығын ескере отырып, банктерде вексельдерді есепке алу кезінде ақша қаржысының бір бөлігін жоғалтпас үшін банктің дисконт мөлшерлемесіне (орташа жылына 7,5%) жеткізілетін астық бағасынан артық сомадағы вексельдермен есеп айырысуды көздеп

о т ы р .

Коммерциялық сатып алу бағдарламасы бойынша көктемгі-жазғы кезеңде 16950,77 млн. теңге сомасына 1254,527 мың тонна көлемінде астық сатып алу қаржыландырылды: оның ішінде:

- 3 сыныпты жұмсақ бидай - 16383,342 млн. теңге сомасына 1211,395 мың тонна;
- күнбағыс және жүгері 567,44 млн. теңге сомасына 43,132 мың тонна.

1.4. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясына, мемлекеттік және салалық бағдарламаларына сәйкес Корпорация өткізген іс-шаралар

Корпорация қызметінің ерекшелігі мемлекеттік астық ресурстарын басқару, сондай-ақ астықты сатып алу және сату. Аталған операцияларда инновациялық технологиялар мен іс-шараларды қолдану көзделмейді.

Корпорация өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында (бұдан әрі - бағдарлама) қойылған міндеттер арнасында жүзеге асырады. Бағдарламаның басты мақсаты аграрлық өндіріс кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге түсе алатын өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

б о л ы п т а б ы л а д ы .

Астық еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі компоненті болып табылады. Негізгі экспортқа шығарылатын дақыл - бидайды өндіру көлемі 1996-1998 жылдардағы 7,1 млн. тоннадан 1999-2003 жылдары 11,0-11,5 млн. тоннаға дейін өсті.

Бағдарламада қазіргі кезде бар рыноктарда Қазақстан астығын экспортқа шығару

бойынша іс-шараларды және жаңа импортер елдерді іздеуді жүзеге асыру көзделген. Өткен жылдары Корпорация негізінен Өзбекстан, Ресей, Иран, Ауғанстан секілді елдерге астық жеткізуді жүзеге асырды. Соңғы екі жыл ішінде экспорттық жеткізілімдердің көлемі мен географиясы біршама ұлғайды және кеңейтілді, бұл Корпорацияның сыртқы рынокта жетекші астық жеткізушілердің бірі болғандығының к у ә с і .

Корпорация жыл сайын отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекет тарапынан қолдау мақсатында мемлекеттік ресурсқа астықты белгіленген бағамен сатып алады. 2001 жылы көктемгі егіс және жинау жұмыстарына аванс беруді қамтамасыз етуге, астық бағасының демпингін болдырмауға мүмкіндік беретін фьючерстік екі деңгейлі астық сатып алуды енгізді.

Астық рыногының даму қарқынын жеделдету, оның материалдық базасын нығайту, сондай-ақ экспортты кеңейту үшін Корпорация 2002 жылдан бастап белгілі бір экономикалық жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берген ауылдық тауар өндірушілерді қаржыландырудың жаңа сұлбасына көшті.

Әлемдік талдау тәжірибесі көрсетіп отырғандай астық рыногын реттеудің ең көп тараған құралы мемлекеттік сатып алу интервенциялары болып табылады. 2002 жылы Корпорация бірінші рет 1,5 млн. тонна көлемінде ірі сатып алу интервенциясын өткізді. Осыған дейін, 1997 жылдан бастап астықты сатып алу 500 мың тоннадан аспаған және негізінен мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту үшін пайдаланылған.

Корпорация тауарлық астық көлемінің барлығы 16%-н сатып ала отырып ішкі рынокта бір тоннаның бағасын 47-ден 65-70 АҚШ долларына дейін, яғни орташа 20 АҚШ долларына дейін көтеруге қол жеткізді. Бағаның өсуі есебінен астық өндірушілердің табысы жалпы 28000 млн. теңгеге өсті. Астықты өндіру кезінде рентабелділік деңгейі 27%-ға жетті, бұл саланың өзін өзі қаржыландыруын қамтамасыз етеді. Корпорация осы масштабты сауда операциясын негізінен банктік кредиттер е с е б і н е н жү з е г е а с ы р д ы .

2003 жылы астықты сатып алу 2,2 млн. тоннаға дейін ұлғайтылды, оның 68%-на көктемде аванс берілді, ал қалған көлем астықты элеваторға нақты жеткізген кезде төленді. Астықты сатып алу бағдарламасының арқасында шаруалар көктемде рыноктық бағамен ақшаға материалдық ресурстарды сатып алуға мүмкіндік алды.

Ішкі астық-рыногын тұрақтандыру мен реттеу, нан өнімдеріне бағаның негізсіз өсуін болдырмау мақсатында көктемгі-жазғы кезде сатылатын астық ресурстарынан и н т е р в е н ц и я л а р жү р г і з і л е д і .

Корпорация жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырады, бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тұқымдық материалдарға, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының мал азықтық астыққа мұқтаждығын тұрақты қамтамасыз етуге, ішкі астық рыногын реттеуге және мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз

е т у г е с е п т і г і н т и г і з е д і .

Осы жайлар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайтуға септігін тигізеді.

1.5. 2005 жыл бөлініп көрсетілген 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспары

2005-2007 жылдардағы қызметтің негізгі бағыттары "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қантардағы Қазақстан Республикасының заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысына сәйкес Корпорацияға жүктелген негізгі міндеттер мен функциялардан туындайды.

1.5.1. Мақсаттар мен міндеттер

Корпорация қызметінің негізгі мақсаты Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астық бағасының демпингін болдырмау, астықты өткізу рыноктарын к е ң е й т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін Корпорацияның алдында мынадай міндеттер т ұ р :

- мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды қамтамасыз ету;
- отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден жыл сайын астық сатып а л у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;
- Қазақстанның астығын әлемдік астық рыногына шығару және дәстүрлі рыноктардағы айқындамаларды нығайту.

1.5.2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

1. Мемлекеттік астық ресурстарының тиімділігін мына жолдармен арттыру:
Мемлекеттік астық резервін жаңарту және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету мақсатында мемлекеттік ресурстарға астық сатып алудың екі деңгейлі сұлбасын дамыту және жетілдіру;
тұқымдық несиені қалыптастыру және оны ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге беру тәртібін жетілдіру;
тұқымдық материалдардың сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізу (сапалы тұқымдық материалды сатып алу есебінен);
мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің сақталу сенімділігін көтеру;
Қазақстанның астығын сату тиімділігін көтеру, оның ішінде оны тасымалдау проблемаларын шешу жолымен.

2. Ішкі рынокта астықтың бағасын мына жолдармен реттеу:
астық пен одан өңделген өнімдерге бағаның негізсіз өсуін болдырмау мақсатында бағаға ықпалын тигізетін ішкі рыноктағы астықты сатып алу және сату көлемдерін р е т т е у ;
астықты өңдейтін кәсіпорындарға астықты уақытында әрі тиімді сату тәртібін ж е т і л д і р у ;
отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауды және астық өндірісін

қаржыландыру жүйесін кеңінен енгізуді жүзеге асыру.

3. Қазақстанның астығын халықаралық рыноктарға мына жолдармен шығару: дәстүрлі астық өткізу рыноктарында айқындаманы нығайту, сондай-ақ жаңа рыноктарға шығуды қамтамасыз ету;

Халықаралық астық рыногында астық державасы ретінде Қазақстанның имиджін нығайтуға бағытталған іс-шараларды және халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу, сондай-ақ кейбір астықты импортқа алушы елдерде өкілдіктер ашу.

1.5.3. 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегиясын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша Корпорация жоспарлап отырған іс-шаралар

2004 және одан кейінгі жылдары Корпорация Бағдарламада қойылған міндеттерді іске асыру іс-шараларын жүзеге асыруды одан әрі жалғастырады.

